

## Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының әкімінің 2018 жылғы 6 сәуірдегі № 1 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 сәуірде № 4725 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы қорытындысына сәйкес, Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының әкімі **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нұра ауданы Кәрім Мыңбаев ауылының көшелері:

- 1) Центральная көшесі Бейбітшілік көшесіне;
- 2) Дорожная көшесі Тәуелсіздік көшесіне;
- 3) Набережная көшесі Желтоқсан көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауыл әкімі*

*А. Жұматаев*